



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

6. Танаев К. 2007. Нурсултан Назарбаев: Россия и Казахстан должны стать как США и Канада // «Вести.ру», 06.07:
7. Пограничная политика: учебное пособие / Под ред. В.А. Дмитриева. Монография М.: ПА ФСБ РФ, 2010г.
8. Кулаков А.В. Глобализация как многомерный процесс и ее влияние на пограничную безопасность, М.: ПА ФСБ РФ, 2010г.

УДК 330.342.22:005.591.6.(574.5)

## **ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫ- ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ**

**Тапекова Аяужан Асетовна**

[Tapekova96@mail.ru](mailto:Tapekova96@mail.ru)

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ Аймақтану мамандығының 2-курс студенті, Астана,  
Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Л.Н. Нурсултанова

Индустриалды-инновациялық дамудың бірінші кезеңі әжептеуір нәтижелер берді. 2005 жылы ОҚО-да 86,7 млн АҚШ доллары тұратын 13 жоба ендірілген. «Ордабасы» бірлестігі» АҚ-ы 2006 жылы қуаттылығы жылына 2,5 млн м3 керамикалық гранит өндірісі жөніндегі зауытты іске қосуды және «ИнтерКомШина» АҚ-да шина өндірісін жаңашылдандыруды жүргізуді жоспарлады. Тоқтап тұрған өндірісті іске қосу, жұмыс істеп тұрған өндіріс қуатын арттырып, жаңа өндірісті іске қосу жоспар бойынша 971 жұмыс орнын емес, 1657 жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Облыста үш салалық кластерді құру, өңірдің құрылыс индустриясын қайта қалпына келтіру мен көптеген басқа да мәселелерді шешу бойынша жұмысты орындау керек еді.

Жаңа кәсіпорындарды іске қосу мен өнеркәсіптегі жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта қалпына келтірудің есебінен шамамен 700 жұмыс орны құрылды. Жаңа «Қазақ-Орыс Текстиль Альянсы» ЖШС жаңа кәсіпорны пайдалануға беріліп, «Меланж» АҚ өндірісін қайта құру жүргізілді. Тұрғын-үй құрылысы белсенді түрде дамып, мемлекеттік инвестициялардың есебінен Қаратөбе тас жолы бойындағы 40-пәтерлік үйді тұрғызу аяқталды.

«Нұрсәт» мөлтекауданының құрылысы жалғасуда. 2006 жылдың 1 қаңтарында Шымкентте жалпы аумағы 100,8 мың м3 құрайтын 76 тұрғын үй пайдалануға берілген. Орта білім беретін мектептердің шектен тыс жұмыс бастылығы туралы мәселе өз шешімін талап етті, тұрғызылған тұрғын-үйдің сапасы жетілдіруді талап етеді.

«Жол картасын» жүзеге асыру мақсатында, 2010 жылы облыстағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемі 18,5 млрд теңге болса, 19,7 жаңа жұмыс орны құрылатын болады.

Жастар іс-тәжірибесі бойынша 6503 жұмыс орны мен 2306 әлеуметтік жұмыс орнын құру жоспарланған.

«ҚР 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасының аясында Қазақстанның республикалық индустриаландыру картасының құрамына ендіру үшін, Индустрия және сауда министрлігіне облыстан жалпы сомасы 409,6 млрд теңгеге 13 ірі инвестициялық жоба жіберілген, оның ішінде картаға жалпы сомасы 83,4 млрд теңгеге 6 инвестициялық жоба қамтылған. Сонымен қатар, облыс бойынша өңірлік индустриаландыру картасына ендіру үшін тиісті министрліктерге жалпы сомасы 32,7 млрд теңгелік 19 инвестициялық жоба қарауға ұсынылған болатын.

Аталған инвестициялық жобаларды жүзеге асыру облыс үшін оң жағдайлар қалыптастырады, осылайша жалпы сомасы 116,1 млрд теңгеге инвестиция тарту жоспарланып отыр, осылайша құрылыс жүргізу барысында 3581 және кәсіпорындарды пайдалануға беру кезеңінде – 4038 тұрақты жаңа жұмыс орындарын құру жоспарланып отыр.

Сонымен бірге, 2200 жаңа жұмыс орнын құра отырып, 2010 жылы жалпы сомасы 55,3 млрд теңгелік 8 жобаны жүзеге асыру жоспарланған.

Шымкенттегі экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында, бұрынғы фосфор зауытының аумағында индустриалды аймақты жоспарлау барысында тиісті жұмыс жүргізу жоспарланған [1].

2010 жылдың басынан бастап облыста жаңа кәсіпорындарды енгізудің, жұмыс істеп тұрған өндірістерді 1307 ірі, орта және кіші кәсіпорындарға кеңейту есебінен, 3395 жаңа жұмыс орны құрылған.

2010 жылы Шымкентте индустриалды аймақ құрылған, оның жалпы аумағы 337 га құрайды.

Инвестициялық жобаларды қарау мен сұрыптау жөніндегі кеңес 26 жобаны қарап, оның 13-ін мақұлдаған.

Ендіріліп отырған 13 жобаның жалпы құны 1006 жаңа жұмыс орнын құрай отырып, 8769,4 млн теңгеге бағаланады. Аталған жобалар бойынша бюджетке түсетін жоспарланған салықтық алымдар шамамен 786,9 млн теңгені құрады, 2010 жылдың соңына дейін 13 жобаның 8-ін ендіру жоспарланып отыр.

2010 жылдың 7 ай ішінде облыс экономикасының дамуына 99,3 млрд теңге сомасында инвестиция тартылған. Кіші кәсіпорындар негізгі инвестиция салымын жасаған. Оның жалпы көлемі 57,1 млрд теңге немесе 2009 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 63%-ға өскен.

Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының аясында Индустрияландыру картасына жалпы сомасы 290,0 млрд теңгеге 24 инвестициялық жоба қамтылған. Олар жүзеге асырылғаннан кейін, 11266 жаңа жұмыс орны құрылған. Олардың ішінен Республикалық Индустрияландыру картасына 212,8 млрд теңге сомасына 8 инвестициялық жоба қамтылған. 2010 жылдың басында 3 жоба («Қазақстан мақтасы» АҚ, «Хлопкопром целлюлоза» ЖШС және «Оху-Textile» ЖШС) жүзеге асырылған.

2010 жылдың екінші жартыжылдығында 2 инвестициялық жобаны іске қосу («Ютекс-Кз» АҚ, «Ордабасы Құс» ЖШС) жоспарланып отыр. Аталған жобаларды жүзеге асыру үшін облысқа 29,7 млрд теңге инвестиция тартылған.

2010 жылы инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың арқасында 3273 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып, оның 1927 жұмыс орны ашылды. 2009-2010 жылдары қаржыландырылған жобалардың 378-і 2009 жылы пайдалануға беріліп, 2010 жылы 1269 жобаны іске қосып жүзеге асыру жоспарланған болатын. Оңтүстік Қазақстан облысы делегациясының 2010 жылдың 26 шілдесінде Түркияға жасаған ресми сапарының барысында Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігі мен Халықаралық «Parigi Equity Partners» инвестициялық қоры арасында өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған болатын. Қол қойылған келісімге сәйкес, жалпы құны 37,5 млрд теңгені құрайтын 4 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Олар: орауыш материалдар өндірісі жөніндегі зауыт, тұрмыстық техника мен электроника өндірісі жөніндегі зауыт, косметикалық бұйымдар, жуатын және тазартатын құралдар өндірісі жөніндегі зауыт, сонымен қатар 2010 жылдың соңына дейін аяқталатын мал сою цехының құрылысы. Аталған жобаларды жүзеге асыру барысында 780 жаңа жұмыс орны құрылуы керек еді [2].

Жол картасы. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының аясында Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің жанында Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпорындары мен кәсіпкерлерін қолдау мақсатында, «ОҚО бизнес» атты Өңірлік Үйлестіру Кеңесі құрылған болатын.

2010 жылы республикалық бюджеттен 17 нысанның құрылысына 1 845,0 млн теңге бөлінген. Аталған нысандардың құрылысын аяқтау кезінде, Нұрсәт, Самал 1, 2 мөлтекаудандары мен Шардара, Бәйдібек, Түлкібас, Төлеби аудандары электр желілерімен, жолдармен, табиғи газбен, су мен телефон желісімен қамтамасыз етіледі, бөлінген қаражаттың 924,4 млн теңгесі игерілген.

2010 жылы облыстық, аудандық және қалалық мақсаттағы автокөлік жолдарының дамуына бюджеттен 11321,5 млн теңге бөлінген, аталған қаражаттың аясында 986,4 км жолға жөндеу жұмыстары мен 4 көпір құрылысы қарастырылған. Аталған көрсеткіш 2009 жылғы 1593,3 км жолға жөндеу жүргізу жұмыстарында қарастырылғанды есепке ала отырып, облыстық жолдардың жағдайын 70%-ға дейін қанағаттанарлық дәрежеге жеткізуге мүмкіндік береді. Одан бөлек, «Жол картасы» бағдарламасы бойынша, 5 729 жаңа жұмыс орнының ашылуы жоспарланып, 4 598 адам жұмысқа қабылданған.

Бөлінген қаражаттарға облыс көлемінде стратегиялық маңызға ие нысандардың құрылысы жүргізілуде, мысалы:

- Түркістан, Кентау қалалары мен Созақ ауданын байланыстыратын Шолаққорған-Кентау автокөлік жолын қайта құру жұмыстары аяқталды. Аталған автокөлік жолы жоғарыда көрсетілген тармақтардың арасындағы көлік қатынасын 2 есеге қысқартуға мүмкіндік береді;

- Бәйдібек ауданындағы 15 км-лік Қошқарата-Кенсай-Жамбыл облысының шекарасы автокөлік жолының құрылысы екінші қосымша жолмен ОҚО-ны Жамбыл облысымен байланыстырып, Тараз бен Түркістан қалаларының арасын 200 км қашықтыққа азайтуға мүмкіндік береді.

Шардара қаласында Сырдария өзені арқылы қаланың екі бөлігін жалғастырып тұратын ұзындығы 474,5 метрлік жаңа көпір құрылысы басталды.

Облыстық бюджеттен бөлінген қаражатқа Балтакөл ауылдық округін аудандық және облыстық орталықтармен жалғастыруға мүмкіндік беретін Отырар ауданындағы Сырдария өзені арқылы өтетін ұзындығы 370 метрлік көпір құрылысы бойынша жұмыстар жүргізіледі. Одан бөлек, Сайрам ауданында екі апаттық көпірдің орнына жаңа көпір салу құрылысы аяқталды.

«Ғасыр құрылысы» деп аталған халықаралық транзитті дәліз «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» құрылысының жобасы жүзеге асырылуда. Жобаны жергілікті инертті материалдармен толық қамтамасыз ету үшін, облыста 30 жер қойнауын пайдаланушы анықталған. Одан бөлек, дайындық күйінде 3 цемент, 21 асфальтбетонды, 2 битум зауыты бар [13].

Облыстағы өнеркәсіптік өнім көлемі 198,2 млрд теңгені құрады (2010 жылдың 7 айы ішінде – 165,1 млрд теңге). Жыл басынан бастап облыста жаңа кәсіпорындарды ендіру есебінен, 1938 кәсіпорында жұмыс істейтін өндірісті кеңейту есебінен 5401 жұмыс орны құрылған. (Анықтама: 2010 жылдың 7 айында 11307 кәсіпорында 3395 жұмыс орны құрылған).

Сапа менеджмент жүйесін ендірген кәсіпорындар мен мекемелер саны 2011 жылдың 1 тамызындағы көрсеткіш бойынша 34,7%-ға өсіп, 303-ке жеткен (2010 ж. – 225).

«Индустриалды аймақты» құру бойынша жұмыс жалғасуда. 2011 жылы индустриалды аймақтың инфрақұрылымын дамыту үшін 1,4 млрд теңге бөлінген. 2011 жылы индустриалды аймақ аумағында 16 инвестициялық жобаны ендіру жоспарланып, 7 ай ішінде 5 жоба ендірілген.

2011 жылы Мемлекеттік үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының аясында 4651 жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы 41,3 млрд теңгеге 63 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Олардың ішінен Индустрияландыру картасына 2098 жаңа жұмыс орнын құра отырып, 31 жоба ендірілген.

2011 жылдың 23 қыркүйегіндегі мәлімет бойынша, 31 жобаның 15-і ендірілген, 908 адам жұмыс орнымен қамтамасыз етілген. 2011 жылдың соңына қарай кестеге сәйкес 1190 жұмыс орнын құра отырып қалған 16 жобаны құру жоспарланып отыр.

2011 жылы «Оңтүстік» АЭА инфрақұрылымын аяқтау үшін 36 млн теңге бөлінген. Келесі жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр: «Тоқыма бұйымдарын өндіруді ұйымдастыру». Жылдық қуаты – жүн мен түбіттен 130 мың бұйым өндіру. Жоба құны – 561 млн теңге, 171 жұмыс орнын құру. Қолданбалы материалдар өндірісі жөніндегі тігін фабрикасы мен цехы. Жылдық қуаты – арнайы мақсаттағы 150 мың дана костюм тігу. Жоба



құны – 251 млн теңге, 300 жаңа жұмыс орнын құру.

ҚР Премьер-министрі К.Мәсімовтың 20.07.2011 жылғы № 11-05/007-980 санды хаттамаланған тапсырмасына сәйкес, шымкенттік қорғасын зауытын қала сыртына орналастыру мәселесін зерттеу үшін жұмыс тобы құрылған. Оған ҚР Индустрия және жаңа технологиялар жөніндегі бірінші вице-министрі А.Рау басшылық етті.

Қорғасын зауыты 1934 жылы тұрғызылып, қаланың орталық бөлігінде орналасқан. Топырақты ластау деңгейі мұнда рұқсат етілген нормадан 10 есеге жоғары. Зерттеу қорытындылары бойынша, Шымкенттің мектепке дейінгі мекемелерінің аумағындағы топырақ қабатында 24900 мг/кг дейін қорғасын анықталған, әрекет ететін норма – 32 мг/кг құрайды. Осы кәсіпорынға жақын жерде тұратын балалардың 65%-ның қанында жоғарғы мөлшердегі қорғасын анықталған.

«Оңтүстік» АЭА-да 2 жаңа инвестициялық жоба жүзеге асырылуда:

- олардың біреуін «Шымкент-Кашемир» ЖШС жүзеге асыруда. Аталған компания 2010 жылдың желтоқсан айында дайын тоқыма өнімдерді шығаруға кірісіп кеткен. Өндірісте отандық шикізатты, атап айтқанда жабағы жүнді қой жүнін пайдалану Қазақстандағы жабағы жүнді қой шаруашылығының дамуына жағымды әсер етуі тиіс;

- «АГФ групп» ӨК» ЖШС-ның конвейерлі ағыны бар тігін фабрикасын және қолданбалы материалдарды шығару жөніндегі цехты ашу бойынша жобасы.

Алайда барлық ұсынылған жобалардың ішіндегі негізгісі – «Оңтүстік Құрылыс Сервис» ЖШС жүзеге асырып отырған және үй құрылысы комбинаты мен темір бетонды зауытты модернизациялауды қарастыратын жоба болды.

2014-2015 жылдың қорытындылары:

- 2014-2015 жылдарға арналған салаларда жетекші инвесторларды тарту бойынша Жол картасы (облыс деңгейінде) бекітілді;

- ОҚО-ға басымды шетел компаниялары мен шет елдердің тізімі белгіленіп бекітілді;

- 2014 жылға Халықаралық Қаржы ұйымдармен жұмыс жүргізу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді;

- Қаржыландыру үшін ОҚО ең өзекті жобалардың тізімі белгіленді;

- Көшелерді жарығын жетілдіру және автобус паркін жаңарту бойынша жобаларды бірінші кезектегі іске асыру бойынша мәселелер пысықталуда.

- ОҚО инвестициялық мүмкіншіліктері бойынша Веб-порталы ([www.southkazinvest.kz](http://www.southkazinvest.kz)) жүзеге асырылды. Шетелдік және жергілікті инвесторларға ыңғайлы болу үшін сайт үш тілдерде жұмыс жасайды (қазақ, орыс, ағылшын). Аталған сайтта пайдаланушы аймағымыз туралы толық мәліметті және инвестициялық жобалардың сипаттамасымен интерактивтік картасын, әкімдік тарапынан көрсетілетін жүйелі қолдау құралдарын және бизнесті жүргізу бойынша басқа да ақпараттар таба алады.

Осылайша, облыстың индустриалды-инновациялық дамуы болашақта өңір келбеті болатыны анық.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. //www. Google7 kz/ search?hl
2. Оңтүстік Қазақстан Облысы әкімінің сайты.
3. Оңтүстік Қазақстан Облысы Мырзахметов А. әкімінің 2010 жылғы қорытынды есептемесі.

ӨОЖ 341.222.22 (574:510)

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ШЕКАРА ЖӘНЕ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

*Умиталиева Айгирим Назыбековна*

[aigirim.umitaliyeva@mail.ru](mailto:aigirim.umitaliyeva@mail.ru)